

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1325 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2003 жылғы 17 қыркүйекте Кишинэу қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Молдова Республикасының Үкіметі,

екі ел халықтары арасындағы достық байланыстар мен өзара түсіністікті нығайтуға және кеңейтуге ұмтыла отырып,

егемендік, өзара құрмет, тең құқықтық қағидаттары негізінде мәдени ынтымақтастықты кеңейтуге және нығайтуға ниетті екендіктерін басшылыққа ала отырып,

осындай ынтымақтастық өзара мүдделерге, екі ел халықтары арасындағы түсіністік пен достыққа ықпал ететіндігіне сенім білдіре отырып,

екі ел халықтарының рухани жетістіктерін, сондай-ақ осы халықтардың тарихы мен өмір салтын олардың арасында өзара ынтымақтастықты орнату жолымен өзара зерттеу мен түсіністікті барынша ынталандыруға ниет ете отырып,

төмендегі туралы келісті:

1-бап

Тараптар мәдениет саласындағы ынтымақтастыққа және білім, тәжірибе мен жетістіктерді алмасуға, оның ішінде:

мәдениет саласындағы білім беру ұйымдары арасында тікелей ынтымақтастыққа, білімнің осы саласында мамандар мен ақпарат алмасуға;

екі мемлекеттің мәдени мекемелері арасындағы байланыстарды дамытуға;

мәдениет, өнер, оқу-лекторлық жұмыс саласында мамандар алмасуға;

мәдениет саласында көркемөнер, музыка, хореография және басқа да білім беру

ұйымдары арасындағы ынтымақтастыққа;
екі елдің мәдени мұраларын сақтаумен айналысатын мемлекеттік мұражайлары, мұрағаттары және басқа да мәдениет мекемелері арасындағы;
Тараптармен немесе Тараптар мемлекеттерінің мүдделі ұйымдарымен келісілуі мүмкін мәдени ынтымақтастықтың кез-келген басқа да нысандарына ықпал етуге жәрдемдесетін болады.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаттарына сәйкес Тараптар:
Тараптар мемлекеттерінің мәдениет және өнер қайраткерлерінің қорлары мен қауымдастықтары арасында байланыстар орнатуға;
кітап шығару және кітап тарату саласындағы ынтымақтастыққа;
жастардың шығармашылық және көркемөнер мекемелері мен ұжымдары арасындағы байланыстарды қоса алғанда жастармен алмасу саласындағы ынтымақтастыққа;
ақпараттық материалдармен, баспа және аудио бейнежазу өнімдерімен, теле және радио бағдарламалармен алмасу жолымен ақпарат, теледидар, радиохабарды тарату және кинематография саласындағы ынтымақтастықты дамыту үшін жағдай туғызуға жәрдемдесетін болады.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес авторлық құқық пен аралас құқықтарды қорғау саласындағы ынтымақтастықты ынталандыратын болады.

4-бап

Тараптар халықаралық құқық нормаларына және өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес мәдени құндылықтардың заңсыз әкелінуі мен әкетілуінің алдын алу және оларды заңды меншік иелеріне қайтару жөнінде қажетті шараларды қабылдауға міндеттеме алады.

5-бап

Осы Келісім негізінде Тараптар мемлекеттері аумағында жүргізілетін кез-келген іс-әрекет Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларымен реттелетін болады.

6-бап

Осы Келісім ережелерін түсіндіру және қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер мен консультациялар жолымен шешетін болады.

7-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында жоспарланған іс-шаралардың барлық шарттары келісілетін өзара ынтымақтастық бағдарламаларын әзірлеу үшін бірлескен комиссиялар мен жұмыс топтарын құра алады.

8-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделетін болады.

9-бап

Осы Келісім әр тараптан, оның күшіне енуіне қажетті ішкі мемлекеттік процедураларының орындалғаны туралы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және тиісті мерзімнің аяқталуына дейін алты айдан кешіктірмей Тараптардың ешқайсысы екінші Тарапқа оның іс-әрекетін өздерінің тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда хабарламаса, келесі бес жылдық мерзімге ұзартылатын болады.

Осы Келісімнің іс-әрекетін тоқтату, егер Тараптармен өзгеше қарастырылмаса, оның іс-әрекеті уақытында басталған бағдарламалардың жүзеге асырылуына қатысты болмайды.

2003 жылғы 17 қыркүйекте Кишинэу қаласында әрқайсысы қазақ, молдаван және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада қол қойылды және барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде пікір алшақтығы туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Молдова Республикасының

Үкіметі үшін